

ҚАРҚАРАЛЫ ҚҰЖАТТАРЫ

Журналымыздың бұл санында «Қарқаралы құжаттары» айдары бойынша қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың «Қарқаралы сыртқы округіндегі болыстардың қыстақтары» атты тізбелерін қазақ тіліне аударып жариялауды жөн көрдік. Бұл тізбе Шоқан шығармаларының Бес томдық жинағының 1985 жылы шығарылған төртінші томынан алынды.

Шоқан Шыңғысұлы бұл архивтік материалды Қазақстан тарихы жөніндегі жазбақ ігелі еңбегінде пайдалану үшін жинаған болса керек. Біздің қазақ тіліне аударған кезімізде кейбір елді мекендердің аттарын белгілі себептермен қате көрсетіп алуымыз мүмкін. Ол үшін журнал оқырмандарынан алдын-ала кешірім сұраймыз.

Журнал оқырмандары Шоқан жинап, сұрыптаған XIX ғасырдың отызыншы жылдарындағы бұл ресми статистикалық материалға содан бергі уақыт ішінде қаншалықты өзгерістер енгенін байқап көрер, әкімшілік территориялық тұрғыда жасалған өзгерістер жайлы ойларын ортаға салар. Қарқаралы округінің жеріндегі бір жарым ғасырдан астам уақыт ішіндегі түрлі мақсат-бағыттарда жасалған, іске асырылған өзгерістер жайлы ой-пікір толғар, ол ойларын журнал редакциясына жолдайтын болар деп сенеміз.

Шоқан УӘЛИХАНОВ

ҚАРҚАРАЛЫ СЫРТҚЫ ОКРУГІНДЕГІ БОЛЫСТАРДЫҢ ҚЫСТАҚТАРЫ

Қарқаралы округінің болыстарына жататын жазғы көшу-қону орындарын жазатын кітаптан.

1. НАДАН ТОБЫҚТЫ.¹

Қарабұлақ өзенінің жағалаулары мен Балқаш көлінің қойнауларындағы Дересен деп аталатын қысқы көш-қон орны. Бұл мекен приказ орналасқан жерден шамамен үш жүз шақырым қашықтықта. Ал жазғы жайлаулар Желтау, Қошқар, Қазанғап, Қарашоқы, Керегетас, Бесшоқы өлкелері арқылы солтүстікке қарай Қарқаралыдан қырық шақырым жердегі Кент тауларының Қаракөл шатқалдарына дейін созылады. Бұл жерден батысқа қарай Көрпетай, Нұртай шатқалдары, Тоқырауын өзені арқылы өтіп, Қызыларай, Бектауата, Қоныратшоқы, Маңдайторғын, Кенелі, Ұраңқай, Басжамшы, Қызылтас, тағы басқа мекендерді қамтиды.

2. ТӨЛЕҢГІТ²

Шұбарайғыр, Жауыр, Түңдік, Таскүңгей, Қызылсаяқ, Төбесу, Қарабұжыр, Қотан Еміл, Қайрақты, Арқарлы, Төлебике, Қусақ, Тесіктас, Жарық, Матақызыл, Саяқ, Түлкілі мекендеріндегі қыстақтар — Қарқаралыдан оңтүстік-шығысқа қарай 180 шақырым шамасында.

Бұл жерлерден солтүстік-батысқа қарай Жаманкүзеу, Қоқыбай, Бөріктас, Қызыларай, Тоқырауын мекендерінде және оларға керісінше Қошқар мекені арқылы өтетін жазғы жайлау орындары. Бұл жерлер Қарқаралыдан шамамен 70-тен 200 шақырым қашықтықта.

3. КЕРЕЙ.³

Бүкіл болыстың көші-қон жерлері: Абыралыға қарайтын жағалаудан басқа, Топар мен Көкшетау елді мекендерімен қоса Аршалы, Қайрақүзен, Қушоқы, Татан, Төлебике, Қызыладыр, Үшқайың, Жатын, Қарағай, Жабытас, Қараөзен, Арқарлы, Бесбақан, Мүзбел, Ақжайық, Құмжайық, Бесоба, Қаражал, Бөрілі, Күйкентай, Дағанды, Ортақарауыл, Басқарауыл, Бақанас, Қойтас, Күңгей, Қаратау қойнауларымен, Қарақойтас, Саранайтау Шақпақтас өзенімен, Үшбашай, Ақшаңғыр, далаларымен қоса Көксеңгір, Құсмұрын өзенімен қоса Қаршығалы, Жағалы, Ақбастау, Бірқұлақ, Үшқара, Майөзек далаларымен қоса, тауларын қоспағанда Тағаналы, Жыланды, Алабекті, бұлағымен қоса Қорық, Майқапшағай, Сандықтас, Шақпақтас, Бесбақан, Шөладыр, Тоқтаболат. Керей болысының қазақтары аталған жерлерде үш жүз шақырымға созылатын аймақта, приказ орналасатын жерден төрт жүз шақырымдай қашықтықта қыс қыстап, жаз жайлап жатады.

4. ТАРАҚТЫ⁴

Қыстақтары мына мекендерде орналасқан: Матайадыр, Жалаулы, Майкенді, Қолпеке, Тоқты, Ойшанадыр, Жотан, Текебай, Наурызбай, Меңдібай, Қаратас, Шоқы-Керегетас, Қонысбай, Қараадыр, Мырзакелді, Сарыадыр, Қамбаның Қаратасы, Қаранайдың Қызылы, Сарыбұлақ шыңы, Қарашоқы, Берікқара, Ақшоқы, Бетсу, Шатсу, Шоңқара, Байжанбұлақ, Төлекенің Мыңшұңқыры, Бай-

пақ, Сарытау, Тесіктас, Үш Майөзек, Қудың Қызылағашы, Сарыжал, Байқасқа, Есенғұл, Қызылқұдық, Қарасор, Қарашоқы, Қос Ырғыз, Тентекқара, Сарыоба, Қойшоқы, Күйікадыр, Кіші Барікқара, Түлкіұлыған, Қоянсойған, Нұраның Қарашаты, Жұмабайдың Қаратасы, Жалаудың Босағасы, Қойын, Шынсай, Сарышоқы, Жертомар, Ащысу, Қараток, Тайөткен, Әлдек, Бесікжал, Үшқұдық, Матайдың Ақөзегі, Аршалы, Матай, Алтай Көмген, Шағырлы, Кішібай, Айғыржал мен Шағырай. Ал жайлаулары: Дағанды, Қонысбай, сол сияқты Көксеңгір, Үшқара, Ақбесті, Көкшетау, Жарадыр мен Мейізек.

5. КӨШІМ-БАЙБӨРІ⁵

Қыстақтары мына мекендерде: Мансар, Момын, Бекалы, Бұлақты, Төкенсу, Бұлансай, Тоғызторау, Сарыбұйрат, Қойтас, Дегелең, Ұзынбұлақ, Қарабайтал, Қызыладыр, Желкенсу, Күнкей, Қотанбұлақ, Тілес, Қызылшоқы, Үйтас, Жаман Қарабұжыр, Ащыөзек, Қарашоқы, Сарытас, Шөладыр, Тайлақ, Қарағандытал, Көнекжалқұл, Қынтықты, Жалғызтау, Жәнібек, Атабекші, Керегетас, Бөрішоқы, Шойынбұлақ, Сарыоба, Ердесқуыс, Қарашажарық, Жаман Абыралы, Райшоқы, Уақшоқы, Бұйра Мәрешік, Итқарақоныс, Айдарқуыс, Жантай Мәрешік, Шұрық, Әйдік Мәрешік, Сарыайғыр, Садыр Қондыр, Сарыайғыр басы, Бердібай, Арқалық, Қосшоқы, Жартас, Мырзашоқы, Тамғалытас, Айбас, Жарыққұдық, Ескене, Шатсу, Есболқонған, Қуқылбас, Борақ, Шуақ, Қайрақтас, Азат Бидайық, Қосой, Есенсай, Қызылқұдық, Дастар, Мырзақатын; Түндік өзені, Мұздысай, Жыланды, Тығыршық, Қаратұмсық, Қаракүзеу, Сарыкүзеу, Алмасай, Керегетас, Киікбай, Тақайтау, Қарағандыөзек, Жуантөбе, Кішкене Қойтас, Жантайдың, Уақдыр, Айыртау, Үсенті, Қызылқұдық, Қызтаутас, Шоқалы, Жамытты, Былқылдақ, Шарықты, Құрөзен, Қатынадыр. Бұл мекендер Қарқаралыдан 140-тан 280 шақырымға дейін. Жаз жайлаулары мына мекендерде: Арқалық, Жұманши, Түндік өзені, Талды, Қорық, Жосалы, Ащысу, Алтын Қарасу, Жортаға дейінгі Нұра өзенінің бойы, Қосағаш, Ақтас, Құлжа өзені мен Ботақара көлінің жағалаулары, содан керісінше қыстауларға дейінгі далалы жерлер.

6. ЖАҒАЛБАЙЛЫ -БАЙБӨРІ.⁶⁾

Қыстақтары мына мекендерде: Бүйрекши, Қосмола, Болатсор, Андас, Сарыбұжыр, Аққұдық, Серектас, Үйтас, Рысбай Қарашоқысы, Қасқабұлақ, Кенейошақ, Тасшайтанжал, Тобықтыбұжыр, Шорабай, Жалғызтау, Қосқонған, Жалғыз-

құдық, Мырзашоқы, Қособа, Жарыққұдық, Жартас, Келдібай, Жарық, Сарықасқа, Төле, Қаршоқы, Қабанбайадыр, Қарабұлақ, Бабажан, Сейіт, Құттыбай, Қаражал, Тасқотан, Сөрелі, Түлкібас, Қарабике, Сарышоқы, Жаман, Абыралы, Егізқара, Абралы, Сарыапан, Өтенатан, Кешубай, Қаражар, Байбол, Танаш, Үлкеншүмек, Айнабұлақ, Арқалық, Қаратас, Қарашоқы, Аңғар, Қызылшоқы, Көбек, Есетқуыс, Мыйөзекшат, Егізқара, Сарыөзек, Жарадыр, Қойтас, Жырыққұдық, Баубектас, Жаманды, Үштөбе, Қырқабас, Шөладыр, Шайтанарық, Қаракіндікті, Шаған, Атымтайшат, Шоқсары, Обалы-Қоғалы, Дағанды, Берді Қалпе, Тұлпар, Әділұдық, Ноғайқонған, Алтынтай, Алтынқұдық, Дуан, Оразши, Үйтас, Керегешал, Тоқтау, Шөке, Байтасбұлақ, Садыбелжұрты, Терісбұлақ, Қарақуыс, Көпекейқыстау, Әулпеасу, Ботақыстау, Қалпежұрты, Тоғызторау, Қызыладыр, Ащыөзек, Марешан, Бошан, Ақбота, Жолан, Шоң, Кемпірқия, Тасбақан, Кеңшоқы, Төрткөл, Бақбабан, Аршалы, Самайдың Қарашоқысы, Нұрбике-Қоңқайқара, Қонтитас, Нұрбике, Қызылшоқы, Сұңқарқия, Балапанқия, Кіндіктітөбе. Бұл мекендер Қарқаралыдан 180-нен 350 шақырымға дейінгі қашықтықта. Жаз жайлаулары мына мекендерде: Қу, Боқты, Талды өзенінің бойы, Қоянды, Қарасор, Үшқатын, Сайтанды, Өткелсаз, Қушоқыға дейінгі Жауыр, Жыланды, Шешенқара, Ботақара және осылардан қыстақтарға дейінгі аралық.

7. ЖАЛЫҚПАС.⁷⁾

Қыстақтары мынандай мекендерде: Мыржық, Босаға, Шақпақ, Қарақай, Көлшоқы, Сарышұнақ, Әлімбай, Ащықұдық, Ұзынбұлақ, Арқалық, Еділбайбұлақ, Тасқора, Жылыбұлақ, Киікбайбұлақ, Қабармақ, Қозыбек, Қарасеңгір, Бұғыбайбұлақ, Қызылбұйрат, Қоянды, Бескиік, Қайрақты, Жосалы-Жалпақши, Ақшабұйрат, Жалаулы, Бөрілі, Сарышоқы, Көжек Обалы, Қызыладыр, Үйтас, Үкіорай, Маяжон, Қаба-Жаңабай, Сұлдұр, Құлдар, Сарыайғыр, Бөлек Қойтас, Үлкен Қойтас, Шұрыққұдық, Еркебай-Қызыладыр, Күреспе, Былқылдақ, Жаманқұдық, Қарабұжыр, Қоңырадыр, Ақсан, Мыңқұдық, Қатынадыр, Қопа, Қызылшұбар, Рай, Ақбиік, Қарағандыөзек, Жартас, Ақтал, Сарытұрсын, Дүйсек, Матай, Тілеулі, Сарышоқы, Андас, Қарашоқы, Саржал, Тағылышоқы, Қабыршоқы, Көлқайнар, Қосшытау. Ал жазғы жайлаулары мынандай мекендерде: Қу, Желдітау, Үшқатын, Семізбұғы, Жосалы, Шешенқара, Жауырға дейінгі Ботақара және олардан қыстақтарға дейінгі аралық.

8. НҰРБИКЕ—ШАНШАР.⁸⁾

Қыстақтары орналасқан мекендер: Мыржық, Қоянды, Маяжон, Майлықара, Торбике, Құлмырза, Қожабек, Қатпар, Ақжал, Сарыоба, Ақтайлақ, Ұзынбұлақ, Шақпақ, Дегелең, Арқалық, Жынқуу, Ауызмайлаған, Күшік, Шеней, Мырашоқы, Қойтас, Керегетас, Рай, Қарашоқы, Шат, Байназар, Тышан, Майқара, Сарыөлең, Қарамола, Шағыр, Серектас, Атабай, Табаншат, Күйген Сарышоқы, Асаншоқы, Қызылшар, Бестерек, Бұғылы, Үрпек, Ащыөзек, Қарағайлы, Сарытамақ, Үшбұлақ, Шошара, Доғалаң, Теректі, Бөгенбай, Молдара, Қарауылшоқы, Шолақ, Ақпанқаңтар, Сұлушоқы, бұл мекендердің приказ орналасқан жерден ара қашықтығы 100-ден 300 шақырымға дейін.

Жаздағы жайлаулары: Күншоқы, Ешкөлмес, Нұра өзенінің 180-нен 250 шақырымға дейін созылатын бойы.

9. АЙБИКЕ—ШАНШАР.⁹⁾

Қыстақтары орналасқан мекендер: Қараой, Атымтай, Жосалы, Қызылқайнар, Үшқара, Бұйратас, Қарашоқы, Алшын, Қызылшілік, Жанқоңыр, Құдық, Дастар, Айғыркөмген, Аққыстау, Қостөбе, Ақыбай, Қарабай, Бүйрекші, Ащықұдық, Қоржынтүбек, Қөктас, Атанның Сарышоқысы, Ақшоқы, Алтықұдық, Шыбынтай, Биқараның Адыры, Жыланды, Еркенің Қаратасы, Қызылағаш, Байғұла, Қарағанды, Терісаққан, Ойнақжер, Қаракөл, Қызылқұдық, Қарасор, Шенеу, Ақшоқы, Аққөл, Шынтас, Асыржақ, Қолқақұт, Бұқарбай, Шабанқыр, Ақсары, Қылдыкөл, Ащықұдық, Арқалық, Бекбау, Балақ. Бұл жерлер Қарқаралыдан 120-230 шақырым қашықтықта.

Жазғы жайлаулары мына мекендерде: Бабақ Жалғызтауы, Сарышоқы, Жауыр, Баймырзаның Қарасуы, Нияз, Жұтқырған, Қандыадыр, Ақирек, Талпан, Ұрының Шаты, Айғыржал және Өлеңті, Шідерті, Нұра өзендерінің бойы.

10. ҚАРА-ӘЙТІМБЕТ.¹⁰⁾

Қыстақтары орналасқан мекендер: Боқты, айнала төңірегімен Қарамола, Үлкен Қоянды, Көкпекті, Ералы, Түндік, Жауантөбе, Жыланды, Жұманшиі, айнала төңірегімен Арқарлы, Бай Шолақтың батыс жағы, Серектас, Жарбастау, Ақжігіт, Сеңкебай, Жабық, Қарашатау, Избасар, Байдалы, Жақсыкісінің жұрты, Ақшоқы, Тасшоқы, Ормантас, Қадыр өлкесі, Қойың, Қараағаш, Байталшоқы, Қызылтас, Байғантас, Құттықадам жұрты, Бөген-Мәмбетсаз Сарыбұлағы, Итболды тауы, Керегетас, Оразымбекті,

Ақтас, Қараоба, Тайлақсу, Ұйтас, Тұзашы, Қараөзек, Құлболды, Қызылтау, Қайрақтас, Мамандық, Ортасық, Тоқырау, Тоғанбай, Керей Қужалы, Егіндібұлақ, Керегетас, Қаракемер, Қарашоқы, Сарытерек, Қызыладыр, Айнабұлақ, Қаракөл, Ақтоғай, Жетімшоқы, Қоңыртөбе, Қаражал, Сарыжал, Тұмантай, Өртеңжал, Наршөккен, Жартас, Құнанбай, Қойтас, Қоңыр Қызылтауы, Байгелді, Ақжал, Бадырақсу, Көктас, Беріктас, Жон, Қызылтас, Бозтаңды, Жалғызтау, Тай-Тілеу, Бүркітті, Сарыадыр, Сайман, Жосалы, Кеңшоқы, Айтұған, Тасқора, Қотыраштау, Ұзынжал, Құлбике, Айдарлы, Балақыз, Сарықұлболды, Тәттібайтауы, Көкшетау, Тоқантас. Мұратжігіт, Жалғызқарағай, Абысадыр, Итбайлаған, Қарайдын, Көшен Ақтайтағы, Кешубай, Үштөбе, Қарақойтас, Қызылсай, Қонақия, Жаман Беріктас, Қонысбай, Қарағай, Сымбеттішоқбай, Аққыстау, Кіндікті, Арзы-Құлкүзек, Тілеуімбет-Иқыз, Қойтас, Қарабике, Сеңкебай, Жуантау, Беріктас, Қырғызбай, Қараошақ, өзектерімен қоса Ақбастау, Қонақасу, Жарымкүзек, Құттыбай, Тоқтыадыр, Тоқтыөзек, Арқалық, Сулытүндік, Қосшоқы, Матақбай, Қарашатау, Ормантас, Кеңшілік, Бала Бүркітті, Ақшатау, Көнеқара, Қайдауыл, Төлеубайадыр, айнала төңірегімен Көбетей, Мұжықтамақ, Ботақара, Қызылашы, Қызылкөл, Жылантөбе, Құрқұдық, Үйсор, Қарасор, Жуантөбе, Нұра өзеніне дейінгі Ащысу.

11. ӘЛТЕКЕ-САРЫМ.¹¹⁾

Қыстақтары орналасқан мекендер: Әулие, Тоғанбай-Сарша, Нұртай, Кепелі, Елек, Серкебес, Майтас, Бектау, Орыңқай, Тұзбасы, Сымбық, Жәнет, Қуыс, Бас-Қарабұлақ, Бесапан, Аққұм, Сарыкөл, Қоңыратшат, Ағадыр, Ауезбақы, Қарақозы, Байқозы Сарытерек, Дуана, Керегетас, Желтау, Бегазы, Көлденең, Шомбай, Жіңішкеөзек, Айдай, Құстас, Жыланды, Шымтау, Тиектас, Тоқырауын, Берікқара, Қызыларай, Шаң, Қонысбай, Қараменде, Қарағанды, Қазыбек, Қайрақты, Қатпара-Мәутен, Сарыжал, Байпақ, Баспалдақ, Қызылқұрт, Қаратүлкі, Жаман Қаражал, Сарша, Сарыоба, Сарт Тойынбай, Терек, Нұра, Алмадық, Шерше, Қаратоғанбай, Шымдысай, Арқарлы, Қоянкөз, Жаманеспе, Шамақ, Құмемшек өзенімен, Айтұған, Қоғалы, Соналы, Тасан, Желдітау, айнала төңірегімен Керегетас, айнала төңірегімен Сарытерек.

Жазғы жайлау мекендері: Нұра, Сарысу, Талды өзендерінің бойы, Қоянды, Үштаған, Жауыр, Ереймен, Қушоқы, Байғара көлі, Семізбұғы, Алтынды, Та-

ғанақ, Көкпек, Сарысу, Үргенжал, Топар өзенінің бойы—.

12. КӘРСЕН-КЕРНЕЙ.¹²

Қыстақтары орналасқан мекендер: Пірназар, Сапы, Қараеспе, Қанжығалы, Бидайық, Сырғаадыр, Орташи, Жанарқұс, Үйтас, Қараоба, Жылгелді бойы, Ақшатау, Ақирек, Қыземшек, Бесши, Алтынсандық, Қарабие, Қарашоқы, Айыртау, Бала Ақсары, Кесе, Бесапанның жалы, Найзакескен, Қумола, Қызылтас, Ақсоран, Киікбай, Жаманшоқы, Бекеннің Ақшиі, Толағай, Айыртау, Жосалы, Қарғалы, Ақтас, Керегетас, Қызылағаш, Қараоба, Ақсары, Ешкіөлмес, Үлкенбұлақ, Жыланды, Қос келіншек, Қараша-Жалпақсары, Тілеулі, Киікбай, Олжабай, Сасықбұлақ, Кененбайдың Қызылшілігі, Жалпақ, Жекетас, Бала Жүндіжал, Ақшағыл, Шөладыр, Найзакескен, Қосдоңғал, Қаратас, Бидайық, Сырлытам, Қайрақты, Шұбарайғыр, Шоңтас, Кесе, Бүркітті, Шүмек, Қараш, Кебенек, Қазаншолақ, Қараағаш, Сарыоба, Битұрқы, Жанжаттың құмы, Беле, Қонғаншілік, Ойран, Ақмай мен Қызылжал. Жайлаулары: Үлкен және Кіші Нұраның бойы, Сарысу, Айса, Көкпекті, Соқыр, Байғара, Топар өзендерінің бойы, Сораң, Қаратүлкі, Шолақ Толағай, Тектұрмас және олардың Ақтау бекінісі мен Жора қыраттарына дейінгі жерлер.

13. ҚОЯНШЫ-ТАҒАЙ.¹³

Қыстақтары орналасқан мекендер: Қызылтау, Бұғылы, Монтай, Үлкен Қайрақты, Шолақ Сеңгір, Борлы, Бәйбіше, Сораң, Қоңыр-Құлжа, Сары Құлжа, Үш Алақаз, Мойынты, Тайатқан Шұнақ, Сөребай, Нілді, Тасық, Ешкіөлмес, Жамантоған, айнала төңірегімен Шопақ, Тағылы. Жайлаулары: Нұра, Сарысу, Байғара, Үшшоқы өзендерінің бойы және олардан қыстақтарға дейінгі аралықтар.

14. ДҮЙСЕНБАЙ-ШЕКШЕК.¹⁴

Қыстақтары орналасқан мекендер: Боқты, Шынғынқан, Қыстаукент, Қараағаш, Сарықұлжа, Қарақуыс, Тұнқатар, Қонысбай, Қоңырқұлжа, Құлболды, Қайрақты, Жосалы, Ақтас, Аюлы, Белағаш, Жауыр, Қосағаш, Наршөккен, Құшақ, Қызылтас, Қаражал, Сарыжал, Ақбастау, Керепетас, Тоқпан, Босаға, Қарамырза, Бимырза, Бүркітті, Берікқара, Атабай, Әділ, Сеңгіртас, Теміршоқы, Жалпақ, Бесшоқы, Кеңгір, Тәттібай, Қаратас, Боя-

қтау, Бестамақ, Құмадыр, Қарашілік, Қызылшоқы, Мырзатай, Ақтайлақ, Қаршығая, Берікқара, Бесбойдақ, Төлебике, Төрткөл, Қарасеңгір, Ащыөзек, Сарыбұлақ, Қарашоқы, Қошқар, Ақши, Ақтүлкі, Жылантау, Үйтан-Қойтас, Шабак, Бестерек, Бесбатыр, Қызылжал, Керегетас, Босаға, Шөладыр, Бесшоқы, Ақжал, Айырлы, Жаңғызтөбе, Ескене, Қойлыбай, Ақши. Жазғы жайлаулары да осы мекендерде.

15. ҚАРАУЫЛ-ҚАМБАР.¹⁵

Қысқы мекендері: Сарықасқа, Майқан, Аршалы, Ор-Шорқан, Қойтас, Аққозылы, Оспан, Қарашілік, Сарышоқы, Үшқайың, Қошқар, Көктас, Түйемойнақ, Қызыладыр, Бесшоқы, Шымдықара, Қарағай, Жабы, Бүркенді, Бердіқожа, Сарыбүйі, Айғыржал, Құмадыр, Құттыбай, Көкшетау, Бестомар, Үшқара, Соралы, Түлкілі, Шөладыр, Қоянды, Қусақ, Құмадыр, Төлебике, Төрткөл, Одобан, Қарашоқы, Бөлексадыр, Жалаңаш, Қараағаш, Аюлы, Бөрілі, Ақмола, Жантай, Шұрықашы, Қаражал, Өгізбасы, Тоң, Өкірші, Қадыр, Үшқора, Есенбұлақ, Көке, Өтеп, Жұртшоқы, Қалмақтас, Аюлы, Абыралы, Қоянадыр, Үшқара, Атан, Шоқыбай, Топаш, Өлкесу, Сарымбет, Түршоқы, Көшек, Мырзабай, Келдіаман, Сарыадыр, Түндік, Бердібай, Арқалық, Ныспы, Қарашатау, Майадыр, Қызылашы, Шоқпартас, Қотыртас, Томарашы, Арқалық Шиян. Арасаз, Үшқызылсай, Қараша, Ақтөбе, Төртқұлан, Мола, Байқоңыр, Жалғызқайың, Байқожа, Тоққожа, Айыртас, Алшынбай, Бөлегенадыр, Жомарт, Майқы, Аққоян, Сарықұлқия, Тоғай, Ақсиыр, Жамантай, Арыстанбай, Қатынадыр, Майқайың, Қараағаш. Бұл мекендер Қарқаралыдан 45-тен 150 шақырымға дейінгі қашықтықта. Ал жазғы жайлаулары: Көрпетай, Нұртай, Қызылтау деген жерлер мен Тоқырауын өзенінің бойы және олардан қыстақтарға дейінгі аралықтар.

16. МӘМБЕТ-ТОБЫҚТЫ.¹⁶

Қысқы мекендері: Самай, Қоншақ, Сұңқар, Нұрбике, Көладыр, Қызыладыр, Тоқпақ, Атымтай, Қарасеңгір, Шүректің бейіті, Кеңтарау, Шағыр, Шаған, Қапақ, Сарыөзен, Түлкішыққан, Сарғалдақ, Мақыммола, Майқұдық, Қорақ, Алтыапан, Қызылшоқы, Адыр-Шыңғыртау, Шаты, Қаумен, Көксерек, Күңгей, Қараәулие, Қарашоқы, Матақтың бойы, Сарыбұлақ таулары, Шоқыбалға, Балуантас, Атаншоқы, Үштаған, Байтемірдің шаты, Тінейаққұдық, Кедейдің жаны, Сырыққұдық, Қойтас, Мәтекши, Тоғалақ, Қарабатыр, Сарыадыр, Сарыбұлақ, Ащысу,

Керегетас, Жанадыр, Сарыжал, Машан, Қарақойтас, Найзақазан, Өзек, Өтептас, Шыңғыл, Жарылқамыс, Тасбасқан, Жосалы, Қарамола, Жанақ, Обалы, Қоғалы, Күшіктің соры, Үштаған, Қошқарбайдың Қараағашы, Қарабастың Сарыдаласы, Бұйрат, Қоянши, Байзақ, Аңшағы Саржал, Ерменсай, Жатық, Тентексай, Мінбенің биігі, Бас Қызылшат, Жарықши, Күнтабар, Құлтаймешіт, Найзақара өзенінің маңы, Сүттіқұдық, Күшіксай, Матақтың Аңғалы, Құттымбетаяғы, Атайдың өзегі, Бергісу, Берсүгірдің Ақшоқысы, Тілеубердінің Қарасуы, Мәуке, Елағанды, алаңдарымен қоса Бұйратқыстау, Қосқия, Қырыққұдық, Сейітқұл, Баймауықтың Жалпақасуы, Тастабан, Жанбике, Мыңқатынның көлі, Шұңғылеспе, Сақтың құдығы, Жанқойтас, Беткөкенадыр, Шеткі Үштаған, Қарақатсу (Шаған өзенінің маңы), Тоқабай, Ылдибұйрат, Тоқабайдың Үшсуы, Бақалы, Әділші, Құнан-Көктау, Жапар, Сынтас, Қаршығалы, Белгібайдың қыстауы, Қарабұжыр, Төмен Ақбиік, Жанбасбұлақ, Бұрғылқыстау, Мырзашоқы, Суықжал, Бәйімбеттің Қараағашы, Шаған өзені, Үшбасшы, Майқапшағай, Қырықшошақ, Шорқақшаң, Бестамақ, Шаған өзенінің жоғарғы жағы, Қарақуыс, Көбектің биігі, Есқожаның бұйраты, Бұғылы, Қаруңгір, Шақпақтас, Тойөзен мен Қоңырөзен. Жаз жайлауы: Шыңғыс тауынан кері қарай, Бастасу, Үшбақсу, Шақпақтас, Көкастауға дейінгі Тасқызыл, Құмадыр, Желтас, Темірші, Майқатпас, Соралы, Шұбарайғыр, Жауыр мен Көкшетау.

17. ЖҮЗМӘМБЕТ-ТОБЫҚТЫ.¹⁷

Қысқы мекендері: Кеңгірбайдың Талсуы, Үйген, Майшоқы, Кеңасу, Әлмәмбет, Бекқарасу, Аршалы, Қызылқұдық, Ақшоқы, Шақпақтас, Бетадыр, Қадырдың Жалы, Атайдың Қызылқиясы, Қушыгенің Қарағы, Қарамырзаның Қарабұжыры, Түлек, Тілеубердінің Түлегі, Қосқұдық, Қарабас, Пушукеспе, Төбеағаш, Шаңдаққөл, Мамытсай, Жаулыбайсай, Өмірзақ, Лепес, Бестамақ, Барлыбай, Мишат. Суықжал, Шаған өзенінің бойы, Жалаңаш, Бассай, Сарыадыр, Ораздың Қарашы, Бекболатсай, Ащықұдық, Қарашоқы, Жуантөбе, Ащысай, Шолақөзен, Қараәулие, Бауырадыр, Жаманасу, Машанасу, Қутасу, Ақтастыөзен, Қарашоқы, Байжол, Еспе, Түбекқия, Қарабұжыр-Қанықсе, Сор, Үлкенқия, Қадырдың Қызылшоқысы, Жастайсай, Қырыққұдық, Күнтабар, Шыңырау, Ортақши, Қызылқия, Жақтың Қойтасы, Қыдыр, Моғаласу, Қандыөзек, Садырқұдық, Бүйрекши, Қарақұдық, Төбеағаш, Қорғантас, Құнан Жартас, Қарнақ, Өлеңсай, Нан, Шилиеспе, Белсу, Алтыпан, Дүй-

секе, Қанай, айнала төңірегімен Төребай, Ақөзен, Шыбынтайөзек, Жанбота, Сарыныңбасы, Бұтасатқанадыр, Көктібайбиік, Кешубай, Сағындық, айнала төңірегімен Әйтейөзек, Аққыс, Батпанның Төрасуы, Жамасынның Күңгейшары, Нұрбайасу, Бараққыстау, Көксерке, Қаратас, Сын-тас, Жанқұтты, Дүйінқара мен Қотантас. Бұл мекендер приказ орналасқан жерден 350-ден 450 шақырым қашықтықта. Жаз жайлаулары: Шыңғыс тауларынан Ақбастау, Үшбас, Шақпақтас, Тасқызыл арқылы Көкшетауға дейін және Құмадыр, Жылтық, Темірші, Майқапшағай, Сөрелі, Шұбарайғыр, Жауыр мен Көкшетау мекендері.

ТҮСІНІКТЕР:

1. Надан Тобықты (Дадан Тобықты) болысы — Қазақтың дадан-тобықты руының атымен аталған Қыстақтары Балқаштың солтүстік жағалауындағы Тоқырау өзенінің қойнауында, Қандықты мекеніне дейін созылады. Жайлаулары Тоқырау өзенінің бойымен оңтүстікке қарай.
2. Төлеңгіт болысы — Қарқаралылық төлеңгіттердің негізгі тобы Аягөз өзенінің солтүстік жағалауларындағы далалы өңірінде, белгілі Шұбарайғыр, Жауыр, Саяқ, Қосақ мекендерінде керейлермен көршілес көшіп-қонып жүреді.
3. Керей болысы — Қазақтың керей руы мекендейтін алқап. Қыстақтары Шұбарайғыр, Жауыр, Жорғабайтал, Шұбартау таулы аймақтары мен Дағанды және Бақанас өзендерінің қойнауларына орналасқан. Жаз айларында керейлердің бір бөлігі өз ауылдарымен Абыралы таулары мен Құсақ өзенінің биік жоталарына дейін көшіп-қонып жүрген.
4. Тарақты болысы — Қазақтың Тарақты руының атымен аталған. Олардың негізгі бөлігі Ақмола уезінің оңтүстігінде өмір сүрген, жазғы жайлаулары Шу өзенінің төменгі жағына жетіп жатқан.
5. Көшім-Байбөрі болысы — 1841 жылғы мәліметтер бойынша Қарқаралы округінің жерінде Көшім және Байбөрі болыстары өз алдарына бөлек көшіп жүрген (Қазақ ССР-ының ОМА, 374-қор, 911-іс, 36-45-беттер. М. С. Мұқанов. Этнический состав и расселение казахов младшего жуза. Алма-Ата, 1974, 104-бет).
6. Жағалбайлы-Байбөрі болысы — Қазақтың екі руларының аттары; жағалбайлы Кіші жүзге ал байбөрі Орта жүзге енеді.
7. Жалықпас болысы — Қаракесектің бір руы қазақтарының орналасқан жері.
8. Нұрбике-Шаншар болысы — Қаракесектің бір тарауы шаншар қазақтарының жері.
9. Айбике-ШАНШАР болысы — Шаншардың жоғарыда аталған аталарының басқа болысқа бөлінген қазақтарының атымен аталған.
10. Қара-Әйтмбет (Айтымбет) болысы — Қаракесектің Қара руының атымен аталған жер.
11. Әлтеке-Сарым болысы — Қаракесектің әлтеке-сарым руының қазақтары мекендеген жер.
12. Кәрсен-Керней болысы — Қаракесектің қояншы-тағайруының атымен аталған.
13. Қояншы-Тағай болысы — Қаракесек руының кәрсен-керней тармағының атымен аталған.
14. Дүйсенбай-Шекшек болысы — Қаракесек руының Шекшек тармағының атымен аталған.
15. Қарауыл-Қамбар болысы — Қаракесектің қамбар руының атымен аталған.
16. Мәмбетей (Мәмбетай) Тобықты болысы — тобықты руының қазақтары мекендейді.
17. Жүзбенбет (Жүзмәмбет) — Тобықты болысы — 1850 жылы Мәмбетей-Тобықты болысынан бөлініп шыққан.